GALAXY LINE GL6500 электрлі тігін машинасы (ары қарай мәтін бойынша – машина, құрал, электр құралы, бұйым) – бұл матадан киімдер мен заттарды тігу үшін ең қажетті құрал. Аталған құрал басқышпен жабдықталған және 2 жұмыс жылдамдығына, сонымен бірге желіден де, сонымен қатар батареяларды (жиынтықта жеткізілмейді) қолданумен де жұмыс істеу мүмкіншілігіне ие, бұл жұмысты жеңілдетеді. 11 қосымша табандардан тұратын жиынтық және сырулар мен тігулердің 12 түрінен таңдау мүмкіншілігі үй шарттарында матадан әртүрлі бұйымдарды тігуге мүмкіндік береді.



Аталған бұйым келесі талаптарға сәйкес болады:

КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты жабдықтың қауіпсіздігі туралы» Кедендік Одақтың Техникалық регламентінің, Кедендік одақ Комиссиясының 2011ж. 16 тамызындағы №768 Шешімімен бекітілген; КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі» Кедендік Одақтың Техникалық регламентінің, Кедендік одақ Комиссиясының 2011ж. 9 желтоқсанындағы №879;

Еуразиялық экономикалық комиссиясы кеңесінің 2019 жылдың 18 қазанындағы №113 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО ТР 037/2016 «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» техникалық регламенті.

Пайдалану бойынша нұсқаулықты бұйымның барлық қызметтік мерзімі ішінде сақтаңыз. Сіз арқылы сатып алынған бұйым осы нұсқаулықтан оны пайдалануға әсер етпеуші кейбір ерекшеліктерге ие болуы мүмкін.

2 ТЕХНИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР

1 Кесте

Параметрдің атауы	Мәні
Адаптердің кіріс атаулы кернеуі	220-240 В ~
Адаптердің шығыс атаулы кернеуі	6 В
Номиналды жиілік	50 Гц
Номиналды тұтыну қуаты	9 Вт
Желілік адаптердің кабелдің ұзындығы	180 см
Электрлі тігін машинасының электр тоғымын зақымдалудан қорғаныс сыныбы	III
Желілік адаптердің электр тоғымен зақымдалудан қорғаныс класы	II

3 ЖИЫНТЫҚТЫЛЫҚ

2 Кесте

Атауы	Саны
Электрлі тігін машинасы	1 дана
Басқыш	1 дана
Ине	2 дана
Жіпқозғалтқыш	1 дана
Шарық	2 дана
Жіппен шарғы	2 дана
Ілгекті айналдыра тігуге арналған табандық	1 дана
Желілік адаптер	1 дана
Қысқыш табандықтар жиынтығы (түймелерді тігуге арналған табандық \ жасырын тігістерді-сыдырма ілгектерді тігу үшін \ табандық-бүгіп тіккіш \ квилтинг үшін табандық \ атлас тігістер үшін табандық \ аунақшалы табандық \ сыдырма ілгектер үшін табандық \ жасырын тігістер (жіктер) үшін табандық \ аппликациялар үшін ашық табандық \ жұқа маталарға тура тігістер үшін табандық \ тігін табандығы)	1 дана
Пайдалану жөніндегі нұсқаулық	1 дана
Тұтынушылық ыдыс	1 дана

4 ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ

Бұйымның қауіпсіз және тұрақты жұмысына келесі шарттарды сақтау кезінде ғана кепіл беріледі:

4.1 Бұйымның корпусын және оның жекелей бөліктерін суға және басқа да сұйықтықтарға батыруға тыйым салынады.

4.2 Адаптерді қуат беру желісіне қосудың алдында желі параметрлерінің осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықта аталған мәндерге сәйкес келетіндігіне көз жеткізу қажет.

4.3 Адаптерді Сіздің ажыратқыштың OFF (Сөнд.) күйінде тұрғандығына көз жеткізуіңізден кейін ғана желіге қосыңыз.

4.4 Адаптерді желіден ажырату кезінде қуат беру баусымынан емес, корпусан ұстау керек.

4.5 Құрал физикалық, сенсорлық немесе ойлау қабілеттері төмендеген немесе оларда өмірлік тәжірибе мен білімдері болмаса, егер олар қарауда болмаса немесе оларға олардың қауіпсіздігіне жауапты тұлғалар арқылы құралды қолдану жөніндегі нұсқамалық жүргізілмесе, тұлғалармен балаларды қоса алғанда) қолданылуға арналмаған. Балалар құралмен ойнауына жол бермеу үшін қарауда болуы керк. Егер ол тіпті желіден ажыратылған болса да, балалардың бұйымға жанасуларына рұқсат бермеу керек. Жұмыс

істеп тұрған бұйымның жанында балалар мен жануарлардың болуына жол бермеңіз.

4.6 Бұйымды осы нұсқаулықта аталғандардан басқа мақсаттар үшін қолданбау керек. Бұйыммен жұмыс істеу, сақтау және күтім жасау осы пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа қатаң сәйкес жүргізілуі керек.

4.7 Бұйымды егер жану немесе жарылыс қаупі бар болса, мәселен тез тұтанатын сұйықтықтардың немесе газдардың жанында қолданбаңыз.

4.8 Егер ол қараусыз қалса және құрастырудың, бөлшектеудің немесе тазалаудың алдында адаптерді әрдайым қуат беру желісінен ажыратып отырыңыз. Адаптерді сонымен бірге кез келген ақаулықтар орын алған жағдайда және жұмыс аяқталғаннан кейін де желіден ажыратып отыру қажет.

4.9 Адаптердің қуат беру баусымының бүтіндігін қадағалап отыру қажет. Бұйымды бүлінулер болған кезде қолдануға тыйым салынады.

4.10 Бұйымға қате қарау оның бұзылуына, қолданушыға немесе оның мүлігіне зиян тигізуге әкеліп соқтыруы мүмкін.

4.11 Бұйымның жұмысы кезінде жерге тұйықталған заттарға жанаспаңыз (мәселен, құбыржолдарға, жылыту радиаторларына, газ плиталарына, тоңазытқышқа).

4.12 Инеге жіпті тағу / жіптерді, төменгі шарықты, инелерді, бөлшектерді ауыстыру кезінде, сонымен бірге машинаны тазалау уақытында және жұмыс аяқталғаннан кейін адаптерді желіден ажырату қажет және ажыратқыш OFF («сөндірулі») күйінде тұруы керек.

4.13 Құралдың жұмысы кезінде инеге, жоғарғы жіптің керілуін реттеуішке, сыру, тігіс немесе сермер түрін таңдау тұтқасына жанаспаңыз.

4.14 Желдеткіш саңылаулар жабық кезде ешқашан машинада жұмыс істемеңіз. Машинаның желдеткіш саңылауларын және басқышты тазалықта ұстаңыз, оларды өз уақытында шаңнан, ластанулардан, мата қиындыларынан және түктерден тазалап отырыңыз.

4.15 Машинаның саңылауларына бөгде заттарды қоюға тыйым салынады.

4.16 Саусақтарды машинаның қозғалушы бөліктерінен алыс ұстаңыз. Иненің жанында жұмыс істеу кезінде әсіресе сақ болыңыз.

4.17 Майысқан инелерді қолданбаңыз.

4.18 Тек түпнұсқалық ине тақташасын ғана қолданыңыз. Жарамайтын ине тақташаларын қолдану иненің бұзылуына әкеліп соқтыруы мүмкін.

4.19 Тігу кезінде матаны тартпаңыз және итермеңіз. Бұл иненің бұзылуына әкеліп соқтыруы мүмкін.

4.20 Қысқыш табандықтарды ауыстырудың алдында машинаның электр қуат беруін міндетті түрде ажыратыңыз. Егер машинаны іске қосулы күйде қалдырсақ және басқышқа кездейсоқ бассақ, машина әрекетке кіріседі, бұл жарақат алуға әкеліп соқтыруы мүмкін.

4.21 Аталған машина үшін арнайы арналған қысқыш табандықтарды ғана қолданыңыз. Кез келген басқа қысқыш табандықтарды қолдану жазатайым оқиғаға немесе жарақат алуға әкеліп соқтыруы мүмкін.

4.22 Желілік адаптер мен баусымның бүлінуі мен бұзылуларын болдырмаңыз. Баусымға ауыр заттарды қоймаңыз, тартпаңыз, бүктемеңіз және оны желілік адаптердің айналасына орамаңыз. Кері жағдайда жану және электр тоғымен зақымдалу қаупі пайда болуы мүмкін.

4.23 Желілік адаптерді электр қуат беру резеткісіне қосыңыз. Қате қосу түтіннің шығуына, жануға немесе электр тоғымен зақымдалуға әкеліп соқтыруы мүмкін.

4.24 Түйіспелік істіктерді және олардың маңындағы аймақты кем дегенде жылына бір рет тазалап отыру ұсынылады. Білікте шаңның жиналып қалуы жану қаупін тудырады.

4.25 Желілік адаптерді қандай да болмасын күйде түрлендіруге тыйым салынады.

4.26 Қосылған желілік адаптер қызып кете алады. Аса қатты қызып кеткен кезде, сонымен қатар корпуста немесе сымда еру балқу белгілері, жағымсыз иіс, түтін белгілері немесе басқа да ақаулықтар пайда болған кезде тез арада адаптерді желіден ажыратыңыз және авторландырылған сервистік орталыққа жүгініңіз.

4.27 Өнімнің ақаулары анық немесе күдікті болған жағдайда, өнімді диагностикалау және жөндеу бойынша қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

4.28 Ол қараусыз қалған кезде, құралды сөндіру немесе желіден ажырату

4.29 Техникалық қызмет көрсетудің немесе шамдарды ауыстырудың алдында құралды желіден ажыратыңыз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Тек тұрмыстық қолданылуға ғана арналған.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Аталған пайдалану жөніндегі нұсқаулық барлық мүмкін болатын оқыс жағдайларды қарастыра алмайды. Қолданушыға электр құралымен жұмыс жасау кезінде қауіпсіздік техникасы шараларын өздігінен сақтауы керек болады!

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Электр құралын алкогольдік немесе есірткілік масаю шарттарында, немесе ақиқатты объективті қабылдауға кедергі жасаушы басқа да шарттарда қолданбау керек, және құралды осындай күйдегі немесе шарттардағы адамдарға сеніп тапсырмау керек!

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Құралдағы жарықтандыру қолданушымен ауыстыруға жатпайтын жарықдиодтың көмегімен жүргізіледі.

5 ЭЛЕКТР ҚҰРАЛЫНЫҢ АТҚАРЫМДЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕРІ



- 1 Жылжытуға арналған тұтқа
- 2 Жіпқозғалтқыш
- 3 Жоғарғы жіптің керілуін реттеуіш
- 4 Сыру немесе тігіс түрін таңдау тұтқасы
- 5 Жіпкескіш
- 6 Инеұстағыштың бұрандасы
- 7 Ине тақташасы
- 8 Қайықты құрылғы
- 9 Орағыш
- 10 Корпус
- 11 Жылжымалы жәшік

- 12 Басқышты қосуға арналған жалғағыш
- 13 Сермер
- 14 Кері жүрісті ажыратып-қосқыш
- 15 Ажыратып-қосқыш / Жылдамдықты ажыратып-қосқыш
- 16 Орау үшін жіпті кергіш
- 17 Жарықтандыру батырмасы
- 18 Қысқыш табандықтың тетігі
- 19 Қысқыш табандық
- 20 Желілік адаптер үшін жалғағыш.

6 ЖҰМЫСҚА ДАЙЫНДАУ

6.1.1 «Ажыратқыш/ауыстырып қосқыштың» «OFF» күйінде тұрғандығына көз жеткізіңіз.

6.1.2 «B» желілік адаптерін машинаға қосу (A жалғағышы) және адаптердің ашасын электрлі розеткіге қойыңыз.

6.1.3 Тігін машинасының артқы жағына «C» жалғағышын қоя отырып, басқышты тігін машинасына қосыңыз (1 сур.).

6.1.4 Сіз басқыны ("Ажыратқыш/жылдамдықты ауыстырғыш" сөнд. - OFF күйінде болуы керек) немесе "Ажыратқыш/жылдамдықты ауыстырғыш" (мұнда "L" - тоқудың төмен жылдамдығы, ал "H" күйі - тоқудың жоғары жылдамдығы) қолдана аласыз.



1 сур.

6.2 Батареяларды орнату

6.2.1 «Ажыратқыш/ауыстырып қосқыштың» «OFF» («сөндірулі») күйінде тұрғандығына көз жеткізіңіз.

6.2.2 Машинаны бүйірлік бетке тегіс орнықты бетке қойыңыз және корпустың астындағы қуат беру элементтеріне арналған бөліктің қақпағын ашыңыз. Қарама-қарсылықты сақтай отырып, AA типіндегі қуат беру элементтерін орнатыңыз (4 дана, жиынтықта жеткізілмейді). Құрал жұмысқа дайын (2 сур.).



2 сур.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: Тігін машинасының кездейсоқ іске қосылуын болдырмау үшін әрдайым «Ажыратқыш/жылдамдықты ауыстырып қосқыштың» сөндірілген күйде (OFF күйі) тұрғандығына және адаптердің желіден ажыратылғандығына көз жеткізіңіз.

6.3 Жіптерді орнату

6.3.1 Ажыратқыштың «сөндірулі» – OFF күйінде тұрғандығына және адаптердің желіден ажыратылғандығына көз жеткізіңіз және сызбада көрсетілгендей етіп 1-6 жіптерді орнату бойынша қадамдарды орындаңыз (3 сур.). Сермерді сағат тілі бойынша ине жоғарғы күйге келгенше дейін айналдырыңыз (3 сур.).



3 сур.

6.4 Инені ауыстыру

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: жіпті ауыстырудың алдында қуат беру элементтерін шығару немесе машинканы желіден ажырату қажет.

6.4.1 Сермерді ине жоғарғы күйге келетіндей етіп айналдырыңыз (4 сур.).


6.4.2 Инені ұстай отырып, инеұстағыштың бұrandасын әлсіретіңіз. Ескі инені алып тастаңыз.

6.4.3 Жаңа инені қойыңыз.

6.4.4 Инеұстағыштың бұrandасын тартып бекітіңіз (5 сур.).



4 сур.



5 сур.

6.5 Жіпті шарыққа орау

6.5.1 Жіппен шарықты өзекке орнатыңыз (6 сур.).


6.5.2 Жіпті жіпті кергіш арқылы тартыңыз (7 сур.).

6.5.3 Шарықты орағышқа орнатыңыз, жіпті сағат тілі бойынша бірнеше рет шарғының айналасына ораңыз (8 сур.).


6.5.4 Шарықты сол жаққа жылжытыңыз – (9 сур.).

6.5.5 Жіптің оралуын бастау үшін машинаны іске қосыңыз (10 сур.).


6.5.6 Шарықта жеткілікті ине болған кезде оң жаққа жылжыта отырып, орауды тоқтатыңыз. Шарықты өзектен шешіңіз және жіпті кесіңіз (11 сур.).



6 сур.




7 сур.




8 сур.



9 сур.



10 сур.



11 сур.

6.6 Шарықтарды ауыстыру

6.6.1 Сермерді инені ең жоғарғы күйге көтеру үшін айналдырыңыз. Қысқыш табандықтың тетігін көтеріңіз.

6.6.2 Қайықты құрылғының қақпағын өзіңізге бағыттап жылжытыңыз және шарықты шығарыңыз (12 сур.).

6.6.3 Шарықтан шамамен 10 см жіп қалдырыңыз және шарықты қайықты құрылғыға қойыңыз (13 сур.).

6.6.4 Жоғарғы жіптің соңын сол қолмен ұстай отырып, сермерді сағат тіліне қарсы айналдырыңыз. Жоғарғы жіп төменгі жіпті қамтиды және оны ине тақташасының ойығы арқылы кигізеді. Төменгі жіпті жоғары тарту үшін жоғарғы жіптен тартыңыз (14 сур.).

6.6.5 Қайықты құрылғының қақпағын жабыңыз. Қос жіптен шамамен 15 см тартыңыз және оларды сол жаққа қысқыш табандықтың астынан өткізіңіз (15 сур.).

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: Қозғалушы бөліктерден жарақат алу қаупін азайту үшін машинаны міндетті түрде сөндіріңіз және шарықтарды ауыстырудың алдында адаптерді желіден ажыратыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: Тек металл шарықтарды ғана қолданыңыз.



12 сур.



13 сур.



14 сур.



15 сур.

7 ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

7.1 Сермерді сағат тіліне қарсы жаққа инені ең жоғарғы күйге көтеру үшін айналдырыңыз. Табандықты көтеріңіз (16 сур.).

7.2 Таңдау тұтқасының көмегімен тігіс немесе сыру түрін таңдаңыз (толығырақ 7.8 т.)

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Сыру немесе тігіс түрін ауыстырудың алдында «Ажыратқыш/ауыстырып қосқышты» «OFF» («сөндірулі») күйіне ауыстырыңыз және сермердің көмегімен инені жоғарғы күйге көтеріңіз. Тігін машинасының жұмыс процесі кезінде сыру немесе тігіс түрін өзгертуге тыйым салынады, бұл оның бұзылуына әкеліп соқтыруы мүмкін.

7.3 Қысқыш табандықтың астына мата қойыңыз және оны 17 сур. көрсетілгендей етіп босатыңыз.

7.4 Тігін машинасында екі тәсілмен жұмыс істеуге болады: аяқпен басқыштың немесе «Ажыратқыш/ауыстырып қосқыштың» көмегімен. Тігін машинасында басқыштың көмегімен жұмыс кезінде – басқышқа басыңыз. Тігу процесін тоқтату үшін басқыштан аяқтарды алып тастаңыз. «Ажыратқыш/ауыстырып қосқыштың» көмегімен жұмыс істеу үшін оны «L» күйіне ауыстырыңыз және машина тігуді автоматты түрде бастайды. Матаны тартпаңыз және итермеңіз. Тезірек тігу үшін «H» күйіне ажыратқышты ауыстырыңыз (18 сур.).

7.5 Тігу аяқталғаннан кейін, «Ажыратқыш/ауыстырып қосқышты» «OFF» («сөндірулі») күйіне ауыстырыңыз.

7.6 Сермерді сағат тіліне қарсы инені ең жоғарғы күйге көтеру үшін айналдырыңыз. Қысқыш табандықты көтеріңіз және жоғарғы мен төменгі инені тартыңыз, сосын материалды тігін машинасының қысқыш табандығының астынан абайлап шығарыңыз (19 сур.).

7.7 Жіпті жіпкескіштің көмегімен кесіңіз.



16 сур.



17 сур.




18 сур.



19 сур.

7.8 Сыруды немесе тігісті таңдау.

Қажетті түрді таңдау үшін сыруды немесе тігісті таңдау тұтқасын панелдегі сырудың немесе тігістің тиісті санына орнатыңыз. Мәселен, тігістің «зиг-заг» түрін таңдау үшін сандар көрсеткіге қарсы орналасатындай етіп тұтқаны 6 күйіне орнатыңыз. Тігіс түрін ауыстыру үшін сермерді сағат тіліне қарсы ине жоғарғы күйге келгендей етіп айналдыру қажет, содан кейін тұтқаны панелдегі сыру немесе тігіс түрінің тиісті нөмер күйіне ауыстыру қажет (20 сур.).



20 сур.

7.9 Кері жүріс атқарымы. Кері тігіс жіктерді бекіту үшін қолданылады. Осы атқарымды қолдану үшін матаны тігу аяқталғаннан кейін кері жүрісті

ауыстырып-қосқышты басыңыз және ұстап тұрыңыз, және машина матаны кері жаққа тігеді. Кері бағытта тігу кезінде жік ұзындығы 1,5-ден 4,5 мм дейінгі құрайды. Әдеттегі тігуге қайту үшін кері жүрісті ауыстырып-қосқышты босатыңыз.

7.10 Жылдамдықты реттеу

Тігін машинасы келесідей жұмыс режимдеріне ие:

«OFF» күйі – сөндірулі;

«L» күйі – тігудің баяу жылдамдығы;

«H» күйі – тігудің жоғары жылдамдығы (21 сур.).



21 сур.

7.11 Жарықтандыру

Егер жұмыс процесі кезінде қосымша жарық қажет болса, жарықтандыру батырмасын басыңыз. Жарықты сөндіру үшін тағы да басыңыз (22 сур.).



22 сур.

7.12 Жылжымалы жәшік

Машинаның бүйірлік жағында керек-жарақтарды сақтауға арналған жәшік бар (23 сур.).



23 сур.

7.13 Жеңдерді тігу


Тігін машинасында жеңді немесе киімде кез келген тар саңылауы бар бұйымдарды тігу мүмкіншілігі қарастырылған. Ол үшін тұтқаны машинаға суретте көрсетілгендей етіп жеңді орналастыра отырып, қысқыш табандықты көтеру қажет, сосын қысқыш табандықты босатыңыз (24 сур.).



24 сур.

7.14 Тігісті реттеу

Қалыпты тігіс матаның үстінен және астынан біркелкі тігіске ие болуы керек (25 сур.).



25 сур.

Егер төменгі жіп тура сызық секілді көрінсе (26 сур.), бұл жоғарғы жіптің тым әлсірегенін көрсетеді. Жоғарғы жіптің керілуін арттыру қажет, ол үшін жоғарғы жіптің керілуін реттеуішті төмен бұраңыз.



26 сур.

Алайда, жоғарғы жіп тура сызық секілді көрінген кезде, бұл жоғарғы жіптің шектен тыс керілуін білдіреді. Жоғарғы жіптің керілуін кеміту үшін жоғарғы жіптің керілуін реттеуішті жоғары бұраңыз (27 сур.).



27 сур.

7.15 Ілгектерді айналдыру тігу


7.15.1 Матаны қысқыш табандықтың астына орналастырыңыз, оны ілгек жасау қажет болатын жерге түсіріңіз, сосын №8 тігіс түрін таңдаңыз (28 сур.).

7.15.2 Машинаны іске қосыңыз және төмен жылдамдықта 5-6 тігістер жасаңыз, сосын машинаны сөндіріңіз (29 сур.).

7.15.3 №7 тігісті таңдаңыз, машинаны іске қосыңыз және матаны қажетті қашықтыққа тігіңіз, сосын машинаны сөндіріңіз. Тігісті тегіс жасауға тырысыңыз (30 сур.).

7.15.4 №8 тігіс түрін таңдаңыз, машинаны іске қосыңыз және төмен жылдамдықта 5-6 тігістерді жасаңыз (31 сур.).

7.15.5 Қысқыш табандықты көтеріңіз және матаны 180 градусқа жайыңыз. №7 тігіс түрін таңдаңыз, машинаны іске қосыңыз және ілгек толықтай тігіліп болғанша дейін бұйымды тігуді аяқтаңыз (32 сур.).




28 сур.



29 сур.



30 сур.



31 сур.



32 сур.

7.16 Қысқыш табандықты ауыстыру

7.16.1 Машинаны тегіс орнықты бетке орнатыңыз. Сермерді сағат тіліне қарсы айналдыра отырып, ең жоғарғы күйге көтеріңіз, сосын қысқыш табандықтың тетігін көтеріңіз (33 сур.).

7.16.2 Табандықтың артқы жағындағы тетікшеге басыңыз. Табандық ажыратылады (34 сур.).

7.16.3 Басқа қысқыш табандықты бекіткіштің астына орналастырыңыз, бекіткіштің тетікшесіне басыңыз және қысқыш табандықты көтеріңіз (35, 36 сур.).

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Қысқыш табандықты ауыстырудың алдында міндетті түрде машинаның электр қуат беруін ажыратыңыз. Егер машинаны іске

қосулы күйде қалдырса және басқышқа кездейсоқ басса, машина әрекетке кіріседі, бұл жарақат алуға әкеліп соқтыруы мүмкін.


НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Қысқыш табандық бекіткішінің тетікшесін босата отырып, жарақат алуды болдырмау үшін қолдарды немесе саусақтарды табандықтың астына орналастырмаңыз.



33 сур.



34 сур.



35 сур.



36 сур.

7.16.4 Жинаққа келесі тағайындалудағы табандықтар жиынтығы кіреді:



- Түймелерді қадауға арналған табандық;



- Жасырын тігістерді-сыдырма ілгектерді жапсыра тігуге арналған табандық;



- 3 мм тар жиекті бүгуге арналған табандық-бүгіп тіккіш – мата берудің бұралушы механизмінің есебінен түріңкі жіктерді орындау үшін қолданылады. Табандықпен мойынорағыштардың, көйлектердің, киімдердің және үй әшекейіндегі бұйымдардың жиектерін өңдеуге болады;



- **Квилтингке арналған табандық** – 1.4 дюйм (6.4 см) квилтинг пен пэчворк бөлшектерін қосуға жарайды;



- **Атлас тігістеріне арналған табандық** – мүсінді тігістермен жұмыс істеуге, тығыз атлас және декоративтік тігістерді тігуге арналған, сыру үшін қолданыла алады;



- **Аунақшалы табандық** – созылмалы маталарды, трикотажды, сонымен бірге тері мен винилді тігуге арналған, себебі жоғарғы қабатты табандыққа итеретін аунақшалардың есебінен маталардың созылуы мен бүктелуінен құтылуға көмектеседі;



- **Сыдырма ілгектерге арналған табандық** – симметриялы және тігісті сыдырма ілгектердің тісшелерінен сол жағынан да, оң жағынан да жүргізуге мүмкіндік береді;



- **Жасырын тігістерге (жіктерге) арналған табандық** – қиықтарды тігу, аралықтарды сырып тігу мен шілтерлерді қосып тігу үшін қолданылады. Стандартты, сонымен бірге декоративтік тігістерге де мінсіз жарайды;



- **Аппликациялар үшін ашық табандық** – тар және тығыз зигзагпен немесе декоративтік тігістермен аппликацияларды тігу үшін қолданылады. Табандықтың ашық бөлігі тігістерді қалыптастыруды бақылауға мүмкіндік береді, әсіресе аппликациялармен жұмыс кезінде немесе маталардың дәл қосылу орындарында;



- **Жұқаларда тура тігістер үшін табандық** – жұқа және проблемалық материалдар үшін қолданылады. Материалмен жанасудың үлкен беті мен шағын дөңгелек саңылау тура сызықтың үздік сапасын қамтамасыз етеді;



- **Тігін табандығы**



- **Ілгекті айналдыра тігуге арналған табандық** – түймелік ілгектерді орындау үшін қолданылады.

7.17 Тігу үшін матаның сипаттамасы

Тігу қолайлылығы Мата сипаттамасы	Мата	Мақта\зығыр	Жібек\Жүн	Полиэстер	Созылмалы мата
Қалыпты		✓	×	✓	△
Қалың		✓	×	✓	△
Жұқа		✓	×	×	×
Қатты		✓	✓	✓	△
Жұмсақ		×	×	×	×

Тігу қолайлылығы:

✓ - жеңіл

×

△ - қиындықтар болуы ықтимал

7.17.1 Ескерту:

- Материалдың тығыздығын анықтау:

Жұқа – қалыңдығы екі қабат материал $< 0,35$ мм;

Қалың – қалыңдығы екі қабат материал $< 0,8$ мм;

Қалыпты тығыздық – қалыңдығы екі қабат материал $\geq 0,35$ мм $\leq 0,8$ мм;

- Созылмалы матаны анықтау.

Егер өлшемі 100 мм* 30 мм мата 0,5 кг керу жүктемесімен 106 мм дейін немесе одан да көбірек созылса, ол созылмалы болып саналады.

– Қатты мата: джинсалық, кенептік және т.б.

– Жұмсақ мата: орамалға және т.б. арналған мата.

8 ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

8.1 Электр құралының корпусын дымқыл матамен тазалау ұсынылады.

8.2 Құралды тазалау үшін құралдың бетін бүлдіруі мүмкін тазартқыш құралды қолданбаңыз.

9 САҚТАУ ЕРЕЖЕСІ

Бұйымды 0°C-тан +40°C-қа дейінгі қоршаған ортаның температурасы кезінде және 80%-дан аспайтын ауаның салыстырмалы ылғалдылығында сақтау керек. Бүлінудерді болдырмау үшін бұйымды тек зауыттық қаптамада ғана тасымалдаңыз. Тасымалдаудан немесе төмендетілген температурада сақтаудан кейін бұйымды оны бөлме температурасында

кем дегенде екі сағаттай ұстау керек. Бұйымды тиеу, түсіру және сақтау кезінде пайдалану жөніндегі нұсқаулықта мазмұндалғандардан басқа келесі талаптарды басшылыққа алу керек:

- бұйымның бүлінуіне және / немесе оның қаптамасының бұзылуына әкеліп соқтыруы мүмкін елеулі механикалық жүктемелерге бұйымды ұшыратуға тыйым салынады;

- бұйымның қаптамасына судың және басқа да сұйықтықтардың тиіп кетулерін болдырмау қажет. Пайдалануда болған бұйымды теріс температурада тасымалдаудың немесе сақтауға берудің алдында бұйымда судың жоқтығына көз жеткізу қажет. Бұйымның барлық беттері құрғақ болулары керек. Бұйымды температураның елеулі айырмаларынан және тікелей күн сәулелерінен қорғаңыз.

9.1 Кәдеге жарату



Бұйымды қате кәдеге жарату қоршаған ортаға орны толғысыз зиян келтіреді. Ақаулы бұйымды сонымен бірге пайдаланылған қуат беру элементтерін тұрмыстық қалдықтармен бірге лақтырмаңыз. Осы мақсаттар үшін мамандандырылған кәдеге жарату орталығына жүгініңіз. Сіз тұрмыстық бұйымдарды, жабдықтарды және пайдаланылған қуат беру элементтерін қайта өңдеуге қабылдаушы бекеттердің мекен-жайларын Сіздегі елді мекендегі муниципалдық қызметтен ала аласыз.

10 ҚЫЗМЕТТІК МЕРЗІМІ

Аталған бұйым осы нұсқаулықта көрсетілген барлық талаптарды сақтау кезінде кем дегенде 3 жыл жұмыс істеуі керек. Дайындаушы сатып алушылардың назарын бұйымды жеке мақсаттар аясында пайдалану кезінде және осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықта келтірілген қолдану ережелерінің сақталуы бұйымның осы нұсқаулықта аталған қызметтік мерзімін айтарлықтай ұзартуы мүмкін екендігіне аудартады. Дайындаушы өзіне құрылымына және жиынтықтылауға бұйымның пайдаланушылық қасиетін нашарлатпайтын өзгерістерді енгізу құқығын қалдырады.

Құралдың қызметтік мерзімі 3 жылды құрайды.

11 ЫҚТИМАЛ АҚАУЛЫҚТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖОЮ ӘДІСТЕРІ

Егер электр құралы істен шықса, оны өздігіңізден жөндеуге тырыспаңыз. Міндетті түрде авторландырылған сервистік орталыққа баруды ұсынамыз.

Мәселе	Себеп	Жою тәсілі
Қуат берудің жоқтығы немесе құралдың баяу жұмыс істеуі	Қуат беру элементтері қате орнатылған немесе төмен зарядқа ие	Қуат беру элементтерінің дұрыс орнатылуын тексеріңіз немесе жаңаға ауыстырыңыз
	Жарамсыз адаптер	Электр құралымен жиынтықта жеткізілетін адаптерді қолданыңыз
Тігуде тігістердің өткізілуі	Ине орталық бойынша орналасқан	Инені шешіңіз және қайта орнатыңыз
	Ине майысқан	Инені ауыстырыңыз
	Қысқыш табандық әлсіреген	Қысқыш табандықты бекітіңіз
Төменгі жіпті тарту мүмкін емес	Жіпаяқталды	Жаңа шарыққа ауыстырыңыз
	Жіп қате орнатылған	Төменгі жіпті қайта орнатыңыз
Жіп үзіледі	Игла иілген	Инені ауыстырыңыз\қайта орнатыңыз
	Иненің шыны сауыты қате орнатылған	
	Жіп қатты тартылған	Жіптің керілуін әлсіретіңіз
Тігістер тым еркін немесе қате	Жіп жоғарғы шарғыда тұрып қалды	Шарғыны шығарыңыз және жіпті дұрыс күйге орнатыңыз
	Жоғарғы жіп керілмеген	
Иненің бұзылуы	Ине майысқан	Инені ауыстырыңыз

12 ДАЙЫНДАУШЫНЫҢ КЕПІЛДЕМЕСІ

Сіздің назарыңызды барлық кепілдікті мерзімнің ішінде электр құралы келесі шарттардың сақталуы кезінде тегін сервистік қызмет көрсетуге немесе жөндеуге қабылданатын болатындығына аудартамыз:

Кепілдікті міндеттеме онда сатылған күні, сериялық нөмірі, сатушы ұйымның мөрі (мөртабаны), сатушының қолы көрсетілген дұрыс толтырылған кепілдік талоны болған кезде жүзеге асырылады. Сізде дұрыс толтырылған кепілдік талоны болмаған кезде біз Сіздің аталған бұйымның сапасы бойынша наразылықтарыңыздан бас тартуға мәжбүр боламыз. Түсінбеушіліктерді болдырмау үшін Сізден бұйыммен жұмысты бастауды алдында пайдалану жөніндегі нұсқаулықпен танысып шығуды өтінеміз.

Сіздің назарыңызды бұйымның тек тұрмыстық тағайындалуына аударамыз. Кепілдік шарттары иегердің үйінде мезгілдік техникалық қызмет көрсетуді қарастырмайды.

Осы кепілдікті шарттардың құқықтық негізі қолданыстағы Ресей Федерациясының заңнамасы, атап айтқанда, «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Федералдық Заңның соңғы редакциясы және Ресей Федерациясының Азаматтық кодексі болып табылады.

Бұйымның пайдаланудың кепілдікті мерзімі 24 айды құрайды. Бұл мерзім бөлшек сауда желісі арқылы сатып алынған күннен бастап есептеледі. Біздің кепілдікті міндеттемелер тек кепілдікті мерзімнің ішінде анықталған және өндірістік технологиялық және конструктивтік ақаулармен шарттас, яғни компания-дайындаушы арқылы жол берілген ақауларға ғана таралады.

12.1 Кепілдікті міндеттемелер келесілерге таралады:

12.1.1 Келесінің нәтижесінде орын алған ақаулықтар:

- қолданушының пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың ұйғарымдарын сақтамауы;

- сыртқы немесе кез келген басқа әсерлерден шақырылған механикалық бүлінулер;

- бұйымды тағайындалуы бойынша қолданбау;

- бұйымға жаңбыр, қар, жоғары ылғалдылық, қызу, агрессивтік орталар, қуат беруші электр желісі параметрлерінің пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың талаптарына сәйкессіздігі секілді жағымсыз атмосфералық және сыртқы әсерлер;

- аталған үлгінің технологиялық конструкциялары арқылы қарастырылмаған, өндіруші арқылы ұсынылмаған немесе мақұлданбаған керек-жарақтарды, шығын материалдарын және косалқы бөлшектерді қолдану;

12.1.2 Ашуға, жөндеуге немесе түрлендіруге оларға уәкілетті емес тұлғалар арқылы ұшыраған бұйымдар.

12.1.3 Бұйымда лайықсыз пайдаланудың немесе сақтаудың салдарынан пайда болған ақаулықтарға:

- бұйымның металл элементтерінде тоттардың болуы;

- желелік кабельдің үзілуі мен тілінуі;

- сызаттар, жарықшақтар, корпустың күшті үйкелістері, бұйымның пластик

бөліктері және бас.

12.1.4 Электрлі қозғалтқыштың немесе басқа тораптар мен бөлшектердің істен шығуларына әкеліп соқтыратын бұйымның асқын жүктелуінің нәтижелерінде пайда болған ақаулықтарға.

12.1.5 Сериялық нөмірі оқылмайтын бұйымға.

12.1.6 Кезеңдік ауыстыруға жататын шығын материалдары, ауыстырмалы бөлшектер, түйіндер, сонымен бірге электр құралымен жиынтықта жеткізілетін керек-жарақтар мен толымдаушылар.

12.1.7 Асқын жүктелудің сөзсіз белгілеріне жататындар:

- сымдарды оқшаулағыштардың қарауы немесе күйі;
- бұйымның бөлшектері мен тораптарының деформациялануы мен балқуы.

Сіздің назарыңызды бұйымды сервистік орталыққа және одан жеткізудің соңғы тұтынушы (иегері) арқылы немесе оның қаражатының есебінен жүзеге асырылатындығына аудартамыз.

Құралға кепілдік жағдайды орнату бойынша техникалық куәландыру тек авторландырылған сервистік орталықта ғана жүргізіледі. Сервистік орталықтардың тізімін сатушыдан немесе **www.galaxy-tecs.ru**. сайтынан білуге болады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Бұйымды сатып алу кезінде жиынтықтылығы мен дұрыстығын тексеруді, сонымен қатар кепілдік талонның дұрыс толтырылуын талап етіңіз.

13 ӨЗГЕ АҚПАРАТ

Импорттаушы: «Союз» ЖШҚ

Мекен-жай: 432048, Ресей, Ульяновск қ., Локомотивная көш., 14

Дайындаушы: Нингбо Оксен Импорт энд Экспорт Ко., ЛТД

Мекен-жай: №157, 2313 бөлме, Ченмао Вест Рэуд, Чжунгонгмiao Стрит, Инъчжоу Дистрикт, Нингбо, Қытай
ҚХР жасалған.

Дайындалған күні бұйымның өзінде орналасқан лейблдың (ақпараттық тақтайша) сериялық нөмірінде орналасқан. Дайындаушының стандартына сәйкес сериялық нөмір - импорттаушыдан және тапсырыс нөмірінен / дайындалған жылы мен айынан / бұйымның реттік нөмірінен тұрады.